

30 шілде 2024



Airbus A321neo LR 7 әуе кемесінің лизингі туралы келісім

Орталық Азия мен Кавказдағы компаниялар тобы түсім көлемі мен әуе кемелері паркі бойынша ең ірі әуетасымалдаушы «Эйр Астана» тобы 2024 жылғы 26 шілдеде Директорлар кеңесі ірі мәмілені 2024 жылғы 25 шілдеде мақұлдағаннан кейін Airbus A321neo LR жеті ұшағының операциялық лизингіне Air Lease Corporation-мен келісімге қол қойғанын хабарлайды. Әуе кемелері 2026 жылдан бастап жеткізіле бастайды. Келісім 2028 жылдың соңына қарай Топтың паркті 80 ұшаққа дейін кеңейту бойынша жоспарын қолдайды.

Сауалдар бойынша:

Air Astana Group
(Инвесторлармен байланыстар)

investor.relations@airastana.com

Instinctif Partners
(Air Astana тобының IR және PR кеңесшісі)

airastana@instinctif.com

Редакторлар үшін ескертпелер

Air Astana тобы туралы

Air Astana Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 54 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық әуетасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-да үздік борттық қызмет көрсету» санатында сегізінші рет жеңімпаз болды. FlyArystan «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын екінші рет алды. Сондай-ақ, «Эйр Астана» APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).